

**Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметті лицензиялау туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 маусым N 924. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1999.06.25. N 26 қаулысымен. ~P990862

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.06.25. N 862 қаулысымен. P 9 9 0 8 6 2 \_

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына P951894\_ (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметті лицензиялаудың тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстандық азаматтардың бос қызметтер мен жұмыс орындарын иемденуге басым құқығы болады, сондай-ақ жұмыс берушілер шетелдік қызметкерлерге де, Қазақстанның азаматтарына да бірдей жағдай мен еңбекке ақы төлеуді қамтамасыз етеді деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдегі еңбек қызметі, сондай-ақ Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту мәселелері жөнінде халықаралық шарттар жасасу қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе онымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныс табыс етсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын жылдың қорытындысы бойынша шетелдік жұмыс күшін тарту және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығару туралы ақпарат ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде:

"Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке арналған лицензияларды беру үшін алым алудың тәртібі туралы" нұсқаулықты;

әкелінетін шетелдік жұмыс күші үшін алынған кепіл жарнаны жинақтаудың және пайдаланудың тәртібін әзірлесін.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі келушілерді медициналық куәландырудың тәртібін айқындасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өтінімімен оны үкіметаралық келісімдер бойынша шетелге жұмысқа кететін Қазақстан Республикасының азаматтары үшін де жүзеге асырсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде, белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін әкелу және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге

шығару жөнінде ведомстволық статистикалық есептілікті әзірлесін және оны бекітсін.

7. "Қазақстан Республикасына шетел мамандары мен білікті жұмысшыларын тарту (жұмысқа қабылдау) мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 59-қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 4, 59-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 4 маусымдағы  
N 924 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін  
тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан  
Республикасынан шетелге шығаруға байланысты  
қызметке лицензия берудің тәртібі  
мен шарттары туралы  
ЕРЕЖЕ

I ТАРАУ

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі - лицензиат) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметіне лицензия берудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. 1-тармақта көрсетілген қызметтерге лицензия беруді Қазақстан Республикасын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі - лицензиар) жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметпен айналысу құқығына арналған лицензия басты болып табылады және біліктілік деңгейі қызметтің осы түрлері үшін белгіленген талаптарға сәйкес келетін лицензиатқа беріледі.

4. Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелге жұмысқа шығуын, сондай-ақ шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуін шектеуге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жол беріледі.

5. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензия алу үшін лицензия алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша өтініш; заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін; лицензиялық алымды төлегені туралы төлем тапсырысының көшірмесін.

6. Өтініш беруші қызметтің түріне лицензия алу үшін ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жауаптылықта болады.

7. Лицензия беру немесе одан бас тарту туралы шешім өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімнің ішінде қабылданады.

8. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензия бір жыл мерзімге беріледі.

9. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензияның қолданылуы қызметтің мәлімделінген түрімен мәлімделінген аумаққа қатаң шектеледі.

10. Осы ережеге сәйкес лицензияланған қызметтің әрбір түріне жеке лицензия ресімделеді.

11. Лицензияны басқа жеке немесе заңды тұлғаға пайдалануға беруге жол берілмейді.

12. Лицензия бір дана болып ресімделеді.

13. Лицензиар әкелген және шығарған жұмыс күшінің тізімдері Қазақстан Республикасының құзыретті органдарына ұсынылады.

14. Лицензиар лицензияның қолданылу мерзімінің аяқталғаны туралы Қазақстан Республикасының құзыретті органдарына хабарлайды.

15. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында көзделген жағдайларда лицензия берілмейді.

16. Лицензия беруден бас тарту туралы шешім өтініш берушіге жазбаша нысанда жолданады.

17. Өтініш беруші бір ай мерзім ішінде лицензия беруден бас тарту туралы шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

18. Лицензиар:

лицензиаттың қызметін тексерудің нәтижесінде, лицензиар немесе ол уәкілеттік берген аумақтық орган қолданылып жүрген лицензиялау туралы заңдардың бұзылғандығы анықталған;

лицензиарға немесе ол уәкілеттік берген аумақтық органға лицензиаттың қызметін бақылау үшін қажетті мәліметтерді ұсынудан бас тартылған жағдайларда, лицензияның қолданылуын алты айға дейін мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

19. Лицензиар ол туралы бір апталық мерзім ішінде лицензиат пен лицензиат орналасқан жердегі құзыретті органдарға жазбаша хабарлайтын тиісті шешім қабылданғаннан кейін, лицензияның қолданылуы жаңартылған болып есептеледі.

20. Лицензияның қолданылуының тоқтатыла тұруы уақытында лицензияның қолданылу мерзімі оның тоқтатыла тұруы мерзіміне ұзартылады.

21. Лицензиар лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылданғаны туралы лицензиат пен лицензиат орналасқан жердегі құзыретті органы жазбаша нысанда құлақтандырады.

22. Лицензиар лицензия туралы қолданылып жүрген заңдарда белгіленген жағдайда лицензияны кері қайтарып алуы мүмкін.

23. Лицензияның қолданылуы лицензия туралы заңдарда белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша тоқтатылады.

24. Лицензияның қолданылуы тоқтатылған кезде оны беруге арналған алым кері қайтаруға жатпайды.

25. Заңды тұлғаны қайта тіркеген, сондай-ақ мекен жайы, банктік және басқа да реквизиттері өзгерген кезде лицензиат он күндік мерзімнің ішінде ол туралы лицензиар мен ол уәкілеттік берген аумақтық органдарға хабарлауға міндетті.

26. Лицензиаттың лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату немесе кейін шақырып алу мәселелері жөніндегі барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ лицензиар бұл материалдарды қараған кезде қатысуға құқығы бар.

27. Лицензиат лицензияны кері шақырып алу, оның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

28. Лицензиат лицензиардың және оның аумақтық органдарының талап етуі бойынша бақылау жұмыстарын орындау үшін қажетті ақпараттар мен құжаттамаларды ұсынуды, сондай-ақ жұмыс объектісіне жіберуді қамтамасыз е т у г е м і н д е т т і .

29. Лицензияның қолданылу мерзімінің аяқталуы бойынша лицензиат жұмыс күшін олардың тұратын жеріне жеткізуге міндетті. Жұмыс күшін әкелу кепіл жарналардың есебінен жүзеге асырылады.

30. Лицензияны жоғалтқан (жоғалған) кезде көшірмесі берілмейді.

31. Лицензия қатаң есептілік құжаты болып табылады, оның сериясы, номері болады және лицензиатта сақталады.

32. Лицензиар белгіленген үлгі бойынша лицензияның бланкілерін дайындайды, олардың есепке алынуы, сақталуын жүзеге асырады.

33. Лицензиар жергілікті жерлердегі жұмыспен қамты қызметтеріне: жергілікті жерлердегі лицензиаттардың қызметін тексеруді; тексерулердің нәтижелері бойынша лицензияларды кері қайтарып алу, күшін уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы лицензиарға ұсыныстар енгізуді т а п с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

34. Лицензиар және оның аумақтық органдары лицензиаттың өз құзыретіне кіретін мәселелер жөніндегі заңдарды сақтауына бақылау жасайды.

35. Жұмыс күшін республикадан шетелге шығаруды, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін әкелуді лицензиясыз не осы Ережені бұза отырып жүзеге асыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеліп соғады.

36. Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартта немесе келісімде жұмыс күшінің орнын ауыстыруға қатысты өзге ережелер белгіленген жағдайда, аталған шарттың немесе келісімнің ережелері қолданылады.

## II БӨЛІМ

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке қойылатын  
**БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

Біліктілік талаптары шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензия алу үшін өтініш жасаған заңды және жеке тұлғаларға қолданылады және б ы л а й ш а а й қ ы н д а л а д ы .

I. Лицензияланатын қызмет түрімен айналысу құқығына субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Лицензия алу үшін қойылатын біліктілік талаптары:

1. Лицензия алушының шетелдік жұмыс күшін әкелуге немесе жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызмет түрімен айналысатынын құжатпен растауы.

2. Әкелінетін және шығарылатын жұмыс күшімен, жеке және заңды тұлғалармен жасалған келісім-шарттардың көшірмелері.

3. Келісім-шартта жұмыс объектісінің орналасқан жері, жұмыс берушінің медициналық сақтандыру, еңбекті қорғау, шетелде немесе Қазақстан Республикасында болған уақытта өндірістегі және тұрмыстағы бақытсыз оқиғалардан сақтандыру жөніндегі міндеттемелері көзделуге тиіс.

4. Келісім-шарттың мерзімі лицензияның қолданылу мерзімінен аспауы тиіс.

5. Шетелдік заңды тұлғалардың не шетел қатысатын заңды тұлғалардың құрылтайшылары медициналық сақтандырудың бар екенін растайтын құжаттарды ұсынады.

6. Әкелінетін шетелдік мамандар мен жұмысшылардың аты-жөні, туған күні мен жылы, азаматтығы, мамандығы немесе білімі, қандай қызметке шақырылғаны көрсетілген тізімі.

7. Шетелге шығарылатын адамдардың аты-жөні, туған күні мен жылы, азаматтығы, төлқұжатының нөмірі, тұратын жері, мамандығы көрсетілген тізімі.

8. Жергілікті еңбек нарығында талап етілетін жоғары білікті мамандармен жұмысшылардың жоқ екенін және шетелдік жұмыс күшін тартудың мақсатқа сай екенін облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі бас басқармасының растауы.

9. Әкелінетін немесе шығарылатын жұмыс күшін жұмысқа орналастыру көзделіп отырған нақты жұмыс орындары туралы, жоғарыда аталған адамдардың тұратын жері, олардың еңбек және тұрмыс жағдайлары, осы жағдайлардың санитарлық талаптар мен еңбек қорғау жөніндегі талаптарға сәйкестігі туралы, жоғарыда аталған адамдар жұмыс істейтін жабдықтар және олардың техникалық

жай-күйі туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді қоса алғанда, материалдық-техникалық базаның бар екенін растайтын құжаттардың болуы.

## II. Лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары

1. Тиісті мамандығының бар екенін растайтын құжат. Әкелінетін мамандармен жұмысшылардың жоғары біліктілігі болуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сәйкес медициналық анықтама.

3. Әкелінетін жұмыс күшінің жасы 25 жастан кем болмауға және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген зейнеткерлік жастан үлкен болмауға, шетелге шығарылатын жұмыс күші үшін - Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес болуға тиіс.